






МАНЕВРЛІК ҚУАТ БОЙЫНША аукциондық сауда-саттық

ГМР БАР ГҚ БОЙЫНША АУКЦИОНДЫҚ САУДА-САТТЫҚТЫ ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ

Сауда-саттық күні	Сауда-саттықты өткізу уақыты	Құжаттарды қабылдау кезеңі	ҚР БЭЖ аймағы	Түрі	Сатып алынатын қуаттың көлемі, мВт	Шекті аукциондық баға	Пайдалануға беру күні	Өтінімді қаржылық қамтамасыз ету көлемі, теңге	Шартты қаржылай қамтамасыз ету көлемі, теңге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
15.12.2025 ж.	09:00	31.10-нан бастап 14.11.2025 ж. дейін	Солтүстік аймақ (Астана қ.)	Бу-газ қондырғысы	500	16 299 800	2030 ж.	1 950 051 250	7 334 910 000
15.12.2025 ж.	15:00	31.10 бастап 14.11.2025 ж. дейін	Оңтүстік аймақ (Шымкент қ.)	Бу-газ қондырғысы	500	16 299 800	2030 ж.	1 950 051 250	7 334 910 000

ГМР бар ГҚ - генерациялаудың маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғылар

ГМР бар ГҚ-дың жоспарланған орналастыру орындарының картасы



ГМР бар ГҚ - генерациялаудың маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғылар

ГЕНЕРАЦИЯЛАУДЫҢ МАНЕВРЛІК РЕЖИМІ БАР ГЕНЕРАЦИЯЛАЙТЫН ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫ САЛУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОБАЛАРДЫ ІРІКТЕУ (АСС-тың үшінші түрі, 3 тармақшаға сәйкес) 30.04.2021 жылғы 161 ереженің 4 тармағы.)

Келесілер арасында аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу арқылы жүзеге асырылады:

Аукциондық сауда-саттық "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-5-бабының 11-тармағында көзделген уәкілетті органмен реттелетін электр қуатын құру туралы шартқа сәйкес жеке тұлғалар тобының тізіліміне енгізілген тұтынушылар жасаған генераторлық қондырғыларға қатысты өткізілмейді.



Генерациялаудың маневрлік режимі бар генерациялайтын қондырғыларды орналастыру жоспарына енгізілген және алдын ала техникалық-экономикалық негіздемелері бар алаңдар



Жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардың алаңдары




Алдын ала техникалық-экономикалық негіздемелері жоқ алаңдар

Аукциондық сауда-саттықтың үшінші түрінің ерекшеліктері



Аукциондық сауда-саттықтың үш түріне қатысты құжаттама өтінім беруші тарапынан уәкілетті органға беттері нөмірленген, тігілген түрде, соңғы бетінде оның қолы қойылып куәландырылған, сыртынан мөрленген конвертте ұсынылады. Осы ретте аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қаржылық қамтамасыз етілуін растайтын құжаттың түпнұсқасын өтінім беруші құжаттамадан бөлек қоса береді.



Уәкілетті орган құжаттарды тексеру және комиссия шешімдері қабылданғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде аукциондық сауда-саттық ұйымдастырушысының электрондық жүйесінде тіркелуге рұқсат алған тиісті өтінім берушілерге бұл рұқсаттың берілгені туралы жазбаша түрде хабарлайды, сондай-ақ бірыңғай сатып алушыға және аукциондық сауда-саттық ұйымдастырушысына аталған электрондық жүйеде тіркелуге рұқсат алған өтінім берушілер туралы ақпаратты және олардың тізімін жолдайды.



Құжаттары бар конверт уәкілетті орган тарапынан сол күні Комиссияның қарауына беріледі. Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімнің қаржылық қамтамасыз етілуін растайтын құжаттың түпнұсқасы (өтінім беруші уәкілетті органға ұсынған) осы құжат Комиссияда қаралғаннан кейін бірыңғай сатып алушыға жолданады.

Электрондық жүйеде тіркелу

www.korem.kz



Келесі құжаттарды ұсыну

- 1) жарғының көшірмесі;
- 2) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың көшірмесі;
- 3) заңды тұлғаның тиісті органының бірінші басшыны тағайындау туралы шешімінің көшірмесі;
- 4) өкілге сенімхат (бірінші басшының өзі қатыспағанда);
- 5) заңды тұлғаның реквизиттері туралы ақпарат (банктік реквизиттер, мекен-жайы, байланыс телефондары, электрондық пошта мекен-жайы).



өтінім беруші

Ұйымдастырушымен шарт жасасу және оның қызметіне ақы төлеу



Қатысушы мәртебесін алу



Сауда-саттық алдында оқудан өту



Өтінім беруші аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінімдегі қаржылық ресурстардың бар екенін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын уәкілетті органға аукциондық сауда-саттықтың басталу күніне дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын ұсынады.



*Уәкілетті орган аукциондық сауда-саттықты өткізу кестесіне сәйкес аукциондық сауда-саттық басталғанға дейін күнтізбелік 30 күн бұрын өтінім берушілерден құжаттарды қабылдауды тоқтатады




Өтінімде мыналар болуы керек



Қатысушының
атауы



Өтінімді қаржылық
қамтамасыз етудің түрі
мен сомасы



Жер учаскесі және
электр желісіне
қосылу нүктесі



Электр қуатының дайындығын
қамтамасыз ету қызметіне
арналған аукциондық баға ҚҚС-
сыз 1 МВт/ай үшін теңгемен
көрсетіледі және **16 299 800**
теңгеден аспауға тиіс.

Электрондық жүйеде тіркелу

Аукцион сауда-саттығының Үшінші түрі бойынша жеңімпаздарды анықтау сауда сессиясына өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін, осы сауда-саттық шеңберінде белгіленген іріктеу көлеміне толық сәйкес келетін өтінімдерді кезекпен таңдау жолымен жүзеге асырылады

Уәкілетті орган аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазын электр станцияларының тізбесіне Электр станцияларының тізіміне тұтынушыларды енгізу қағидаларына сәйкес енгізеді

АСС жеңімпазы ЭҚ сатып алу шартының жобасын алған күннен бастап 30 күнтізбелік күннің ішінде көрсетілген шартқа АСС нәтижелері бойынша айқындалған жеке тарифпен, оның алғашқы аттестатталу күнінен бастап 15 жыл мерзімге қол қояды



Аукциондық сауда-саттық жеңімпаздарының тізілімін аукциондық тарифтер мен электр қуаты көлемдерін көрсете отырып қалыптастыру



Бірыңғай сатып алушы АСС қорытындылары шығарылған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде АСС жеңімпазына электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету қызметін сатып алу туралы шарттың жобасын жолдайды

***Келісілген электр қуаты** генерациялаудың маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар пайдалануға берілген күннен бастап жүйелік оператордың жыл сайынғы аттестаттауына жатады

Өтінім беру шарттары



Бағаның өзгеру қадамы –
айына 1 мВт үшін 10 мың
теңгеден кем емес



Өтінімде тек бағаны өзгертуге болады
және тек төмендеу жағына қарай



Тарифтері бірдей өтінімдер
қабылданбайды




Аукциондық сауда-саттыққа
қатысуға берілген өтінім
жойылуға жатпайды




Өтінімдерде көрсетілген бағалар шекті
аукциондық бағалардан аспауы тиіс



Құжаттамасы бар аукциондық сауда-
саттық өткізілген жағдайда, өтінімнің
қаржылық қамтамасыз етілуі аукционға
шығарылған көлемге тең болуы тиіс



Сауда сессиясының ұзақтығы



* Бағаны өзгерту қадамы – айына 1 (бір) MВт үшін кемінде 10 000 (он мың) теңге

СС барысында қолжетімді ақпарат



Аукциондық сауда-саттыққа қатысушы аукциондық бағаны, электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету қызметінің ұсынылатын көлемін және осы өтінімнің берілу уақытын көрсете отырып берген аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өтінім


Аукциондық сауда-саттықты сипаттайтын және уәкілетті орган бекіткен Кестеде көрсетілген жалпы ақпарат:

- Аукциондық сауда-саттықтың күні
 - АСС өткізу уақыты
 - ҚР БЭЖ аймағы
- Генерациялайтын қондырғылардың типі
- Сатып алынатын белгіленген қуаттың көлемі, мВт
- Шекті аукциондық баға, тг/ мВт*ай
 - Пайдалануға беру мерзімі
- АСС-қа қатысуға өтінімді қаржылық қамтамасыз етудің түрі мен сомасы, теңге
- Қатысушылардың саны

Аукциондық сауда-саттыққа қатысуға өзге қатысушылар берген өтінімдерде көрсетілген аукциондық бағалар, сондай-ақ аталған өтінімдердің берілген уақыты

* Қолданылатын қысқартулар:
АСС – аукциондық сауда-саттықтар
БЭЖ – бірыңғай электр энергетикалық жүйе
ЭҚ – электр қуаты

Аукциондық сауда-саттықты бақылаушылар



Бағаларды есептеу



Аукциондық сауда-саттыққа тіркеліп, қатысуға жіберілген қатысушылар саны екіден кем емес



Сату бойынша аукциондық сауда-саттыққа қатысуға берілген өтінімдер бойынша электр қуатының дайындығын қолдау қызметінің жиынтық көлемін іріктеу көлемінің кемінде 130%-ын құрайды



Шарт орындалмаған жағдайда Аукциондық сауда-саттықты Ұйымдастырушы сауда-саттық сессиясының жабылу уақыты өткеннен кейін тиісті аукциондық сауда-саттықты жабады және сауда-саттықтың өтпегенін хабарлайды

Қайталама аукциондық сауда-саттықтар

1

2021 жылғы 30 сәуірдегі №161 Қағидалардың 86, 115 және 117-тармақтарында көзделген себептер бойынша үшінші түрдегі аукциондық сауда-саттық өтпеді деп танылған жағдайда, уәкілетті орган осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген алаңдар арасында тиісті аукциондық сауда-саттықты 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қайта өткізу туралы шешім қабылдайды

2

Аукциондық сауда-саттықтардың нәтижелері жойылған жағдайда уәкілетті орган олардың күші жойылған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей аукциондық сауда-саттықтардың қайта өткізілуін қамтамасыз етеді

3

Уәкілетті орган аукциондық сауда-саттықты қайта өткізудің болжамды күніне дейін 2 (екі) айдан кешіктірмей Кестені өзінің интернет-ресурсында жариялайды

Аукционнан кейінгі іс-шаралар

1

Өткізілген аукциондық сауда-саттықтардың қорытындылары бойынша аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы сауда-саттық сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) сағат ішінде қатысушыларға өткен аукциондық сауда-саттықтардың қорытындылары туралы электрондық түрде хабарламалар жібереді. Жазбаша хабарламалар қатысушыларға келесі жұмыс күні Астана қаласының уақытымен сағат 18:00-ден кешіктірілмей жіберіледі


2

Аукциондық сауда-саттықтың жеңімпаздарының тізілімі тиісті Кестеге сәйкес аукциондық сауда-саттықтың соңғы түрі өткізілгеннен кейін аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушының интернет-ресурсында жарияланады. Жеңімпаздар тізілімінде аукциондық сауда-саттықтың әрбір түрі бойынша келесі ақпарат көрсетіледі: аукциондық сауда-саттықтың жеңімпазы (жеңімпаздары); аукциондық сауда-саттықтың қорытындылары бойынша айқындалған тариф(тер); аукциондық сауда-саттық шеңберіндегі іріктеу көлеміне толық енгізілген электр қуатының дайындығын қолдау қызметінің көлемдері.

3

Аукциондық сауда-саттықты ұйымдастырушы тиісті сауда сессиясы жабылғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органға және бірыңғай сатып алушыға тиісті өткізілген аукциондық сауда-саттықтың қорытындыларын қалыптастырып, жолдайды; қорытындыларда аталған сауданың кезең-кезеңімен өткізілуі жөніндегі толық ашып көрсету және осы сауда сессиясы шеңберінде электрондық жүйеге берілген аукционға қатысуға барлық өтінімдер туралы толық ақпарат көрсетіледі

ГМР аукциондық сауда-саттық іс-шараларының аяқталу мерзімі





Назарларыңызға рахмет!

E-mail: koremadm@korem.kz vie@korem.kz, auction@korem.kz

Тел.: 8 (7172) 982 965, 982 970